

"АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ"
МЕМЛЕКЕТТІК МЕНЕМЕСІ

**ЗАҢДЫ ТҮЛҒАНЫ
МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ**

2013 ж. 02. 02 ЖҮРГІЗІЛДІ
КУӘЛІК № 32952-1901-АЖ
БСН 590240000-19

"АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ"
МЕМЛЕКЕТТІК МЕНЕМЕСІ

**ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕРМЕН
ЖӘНЕ
ТОЛЫҚТЫРУЛАР**

2013 ж. 01. 03 ЖҮРГІЗІЛДІ
БСН 590240000101
АЛҒАШҚЫ ТІРКЕЛГЕН КҮНІ 2009 жыл 02. 02
КУӘЛІК 32952-1901-АЖ

Жалғыз акционердің
2013 жылғы «29» қаңтардағы
шешімімен (№ 03/13 хаттама)
БЕКІТІЛГЕН

**«Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы»
акционерлік қоғамының
ЖАРҒЫСЫ**

Парақтың келесі
жағын
См. на обороте

Астана қ., 2013 жыл

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. «Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қоғам) «Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» акционерлік қоғамын құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 15 қаңтардағы № 10 қаулысына сәйкес құрылды.

2. Қоғамның атауы:

Мемлекеттік тілде:

толық: «Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» акционерлік қоғамы;

қысқаша: «Тау-Кен Самұрық» АҚ;

орыс тілінде:

толық: акционерное общество «Национальная горнорудная компания «Тау-Кен Самрук»;

қысқаша: АО «Тау-Кен Самрук»;

ағылшын тілінде:

толық: Joint-stock company «Tau-Ken Samruk» National Mining Company»;

қысқаша: JSC «Tau-Ken Samruk».

3. Қоғамның (оның Басқармасының) орналасқан жері: 010000, Астана қ., Есіл ауданы, Д.Қонаев көшесі, 12/1.

4. Қоғамның қызмет ету мерзімі – шектелмеген.

5. Қоғамның құрылтайшысы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті тұлғасында Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

Қоғамның Жалғыз акционері «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Жалғыз акционер) болып табылады.

6. Осы Жарғы Қоғамның құрылтай құжаты болып табылады. Мүдделі барлық тұлғалар Жарғымен танысуға құқылы.

2. ҚОҒАМНЫҢ ЗАҢДЫ МӘРТЕБЕСІ

7. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылады және өзінің қызметін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне «бұдан әрі – Заңнама), сондай-ақ осы Жарғыға сәйкес жүзеге асырады.

8. Қоғам әділет органдарында мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап заңды тұлға мәртебесіне ие болды.

9. Қоғамның қаржылық және өндірістік қызметі шаруашылық дербестік негізінде жүзеге асырылады. Қоғамның қызметін қаржыландыру жарғылық капитал қаражаты, дивидендтері есебінен қалыптасатын кірістер және Заңнамамен тыйым салынбаған өзге кірістер есебінен жүзеге асырылады.